



ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ОРНИТОНИМДІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Кендибай ӘБІШЕВ ²⁶

Жұлдызай АБДУМАНАПОВА ²⁷

М.О. Милов ²⁸

Аңдатпа

Мақалада қазақ және түрік халықтарының танымындағы орнитонимді тілдік бірліктер жайында сөз қозғалды. Түрік тілі мен қазақ тіліндегі орнитонимдерге қатысты тілдік бірліктердің пайда болу себептерінің ұқсас жақтары, аталмыш тілдік бірліктер құстың бойындағы ерекше қасиетіне, сыртқы түр-тұлғасына, әсемдігіне, сұлулығына байланысты атаулардың паремиологиялық бірліктерде, фразеологизмдерде, тұрақты теңеулерде, антропонимдер мен топонимдерде жиі қолданылуы екі халықтың да құс туралы танымының өте тереңде жатқандығын аңғартса керек. Түркі халықтарының қоршаған ортаның, табиғаттың еркін перзенттері – құстарды танудағы мол тілдік деректері көшпелілерді тек төрт түлік малмен байланысты қарайтын стереотипке қарсы жаңа пайымдаулар жасауға түрткі болады.

Түйін сөздер: орнитонимдер, құс атаулары, паремиологиялық бірліктер, антропонимдер, топонимдер..

²⁶ Іп.ғ.к., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
email: kendeken@mail.ru

²⁷ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
email: joti_miss_kz@mail.ru

²⁸ Mirov-agu@mail.ru, Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Баишев университет
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы



ORNITHONYM LANGUAGE UNITS OF LINGUAL PROPERTY IN KAZAKH AND TURKISH PEOPLE

ABSTRACT

This article is about cognition of kazakh and turkish people of ornithonym language units. In kazakh and turkish languages appurtenant of ornithonyms, reasons of creation language units and it's similar aspects, denominated language units the special properties of bird, an appearance the identity of the species, pulchritude, loveliness, frequently utilizing names of paremiological units, idioms, constant parallels, anthroponims and toponims in both of nation about bird, might be profoundly served. Recognition of Turkish people of language details about environment, licentious brood of nature – birds, will be led new discourses against a stereotype about nomads with for cattle.

Key words: ornithonyms, names of bird, paremiological units, anthroponims, toponims.



ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ОРНИТОНИМДІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Түбі бір түркілердің бір бұтағы ретінде орын алған, бірнеше халықтардың, яғни БАӘ, Мысыр, Византия, Грузия сияқты елдердің мәдениетімен етене байланысып, тілімен біте қайнасқан түрік ағайынның «қарға» тамырлы Қазақиямен де жақындығы айтарлықтай. Мақаламызға өзек болып отырған құс атауларының тек қазақ танымында ғана емес, сонымен қатар, кезінде бір тудың астында өмір сүріп, тілі мен ділі бір, мәдениеті мен рухы бір болған, бүгін де бірлігі бұзылмаған қырғыз, өзбек, түрік сияқты т.б. түркі халықтарының да тыныс-тіршілігін, өмір сүру салтын айқындайтын деректер құсқа қатысты наным-сенімдерден хабар береді. Мысалы, ауа райын болжауда халық арасында бір ғана қарлығаштың қимыл-әрекетіне байланысты түрлі нышандар бар: егер де қарлығаш жоғарылап ұшса, ауа райы құрғақ, күн ашық, ал дамыл таппай бірде жоғары, бірде төмендеп ұшса, жел, дауыл тұрары сөзсіз. Егер қарлығаш ұясына кіріп-шығып, тынышсыздана бастаса, жауынды күтуге болады. Немесе қарлығаш өте төмендеп жер бетін жанай ұшатын болса, онда ол жаңбыр жаудың нышаны [1]. Дәл осы сенушілік қырғыз және өзбек халқында да бар екен.

Орнитология (*грек. ornitos – құс және logos – ғылым*) – зоологияның құстар, олардың жүйеленімі, жекеше және тарихи дамуы, физиологиясы, экологиясы, жер бетіне таралуын зерттейтін саласы. Орнитология терминін алғаш рет ғылымға XVI ғасырда италиялық ғалым *У. Альдрованди* енгізді. Орнитонимдер – лингвистикалық зерттеу нысаны ретіндегі құс атаулары. Орнитонимдердің басты өкілдері – құстар болса, онда құсты күтіп, баптаушы құсбегілерді *орнитологтар* деуге толық негіз бар. Құсбегілік те қазақ пен қырғыз халықтарына тән. Осы тәрізді ұқсастықтар көптеп кездеседі. Бұның бәрі халықтар бірлігінің айғағы іспеттес.

Кезінде жер шарының Оңтүстік-Батыс бөлігін мекен еткен, бүгінгі таңда Батыс және Орталық Азия, Шығыс Еуропа елдеріне тараған оғыздардың өкілі – түрік халқының мифологиясында тоғыз түрлі жануар мен аң-құс ерекше орынға ие. Олар: ат, барыс, арыстан, айдаһар, бүркіт, аю, қасқыр, бүркітбасты гриффон және бүркіттұмсық,



бүркітбасты, қол-аяғы мен денесі адам бейнесіндегі гаруда. Мұндағы гриффон – Көк Құдайы, гаруда – Соғыс Құдайы, ат – ер азаматтың досы, күш-құдіреттің символы, барыс пен арыстан – жеңімпаздықтың, айдаһар – зұлымдықтың, аю – Орман Құдайы немесе орман рухының, қасқыр – билік пен тәкаппарлықтың, *бүркіт* – тегеурінділіктің, әділеттіліктің, күш-құдіреттің символы, Көк Тәңірінің бейнесі саналған. Дәл бүркіт құсына қарата айтылған бұл ұғым, түсінік Ислам мәдениетінен кейін де қолданылған [2]. Бұл сияқты ұғымдарды былай қойғанда, түрік фольклорында, мақал-мәтелдерінде, тұрақты тіркестерінде, поэзияда, тіпті жұмбақ пен жаңылтпаштарында да жалпылама құстар мен орнитонимдерді жиі қолданған. Бауыр еті балаларын «бүлдіршін» деп атап, «балпаным», «қарғам» деп еркелететін қазақ халқының танымында құстардың рөлі қаншалықты зор болса, балаларына «bildircinim» (бөденем), «yavrum» (кез келген аң-құс, жануар төлінің жалпылама атауы), *minik serçe* (кішкентай торғай), «*şocuğum*» (шөжегім, шөшем, балам) деп айтатын түрік халқының да санасына бұл құбылыс сіңісті екен. Балаларына жаттатып, айтқызатын

Kırk kara kartal

Kartal kalkar dal tartar

Dal tartar kartal kalkar...

сияқты жаңылтпаштары мен төмендегі бесік жыры да құстардың бала өсіру барысында, тәрбиелік мәнде де қолданылатынына нақты көрініс бола алады:

Karga karga gak dedi

Bir kaşıcak yağ dedi

Yağ olmazsa bal olsun

Benim oğlum sağ olsun.

Karga hadi git işine

Düşme yavrumun peşine



Karga seni tutarım

Kanadını yolarım

Yelpazeler yaparım

Minimini yavrularsa satarım

Ninni ninni ninnisi var

Benim çocuğumun uykusu var [3].

Бұл тектес бірліктер туралы айтпас бұрын былайша топтастырып, жүйелеп алғанды жөн көрдік:

1. паремиологиялық бірліктер;
2. фразеологизмдер;
3. тұрақты теңеулер;
4. антропонимдер;
5. топонимдер.

Аты аталған бірліктер қашан да халықтың, ұлттың өткенінен хабар беретін, дәстүр мен салтын, мәдениетін көрсететін, тарих пен бүгіннің арасындағы сабақтастықты сақтайтын амалдардың алғашқысы. Соның дәлелі ретінде төменде құсқа қатысты бірнеше мақал-мәтел беріп отырмыз [4]. (Кесте 1).

№	Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
1	Alıcı kuş dindiğinden (gaga) bellidir.	Алғыр құс тұмсығынан белгілі.
2	Alıcı kuşun ömrü az olur.	Алғыр құстың өмірі қысқа.
3	Anasız çocuk kanatsız kuş gibidir.	Анасыз бала қанатсыз құспен тең.

BENGI



Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2
World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2



ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı

4	Ava gelmez kuş olmaz, Başa gelmez iş olmaz.	Ауланбайтын құс болмас, Басқа келмейтін іс болмас.
5	Dağ kuşu dağda, bağ kuşu bağda yaraşır.	Тау құсы тауға, бақ құсы баққа жарасар.
6	Elindeki kuşu sıkı tut, kuş arama.	Қолындағы құсыңды жіберіп алма, құс іздеме.
7	Erkek kuş havai, dişi kuş yapar yuvayı.	Еркек құс түздікі, ұрғашы құс үйдікі.
8	Erkek kuşun yuvası olmaz.	Еркек құстың ұясы болмас.
9	Evde horoz, sokakta tavuk olma.	Үйде қораз, сыртта тауық болма.
10	Gafil kuşun avcısı çok olur.	Аңқау құстың аңшысы көп.
11	Kanadı olan uçar, tırnağı olan koşar.	Құс қанатымен ұшып, тырнағымен жүгіреді.
12	Kış kışlığını yapar, kuş kuşluğunu.	Қыс қыстығын, құс құстығын жасайды.
13	Kuş gördüğü yuvayı yapar.	Құс көрген ұя салар.
14	Tek kanatlı kuş olmaz.	Жалғыз қанат құс болмас.
15	Kuş kanadın, er atın.	Құс қанатымен, ер атымен.

Түрік тілі мен қазақ тіліндегі орнитонимдерге қатысты тілдік бірліктердің пайда болу себептерінің ұқсас жақтары көп. Тіліміздегі аталмыш тілдік бірліктер құстың бойындағы ерекше қасиетіне, сыртқы түр-тұлғасына, әсемдігіне, сұлулығына байланысты айтылса, түрік тіліндегі тілдік бірліктер де дәл солай қалыптасқан. Мысалы, *karga burun* (қарға мұрын), *çifte kumrular*, *leylek basaklı* (дегелек аяқты), *serçe parmağı* (торғай саусақты) сияқты ұқсатулар арқылы пайда болған. Бір ғана бұлбұл құсына байланысты *bülbül gibi konuşmak*, *bülbül gibi dem çekmek*, *bülbül gibi okumak*,

BENGI



Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2
World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2



ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı

bülbül gibi söylemek, bülbül gibi şakımak, bülbül-i kadeh, bülbül-i genç, bülbül-i nalan, bülbül-i şeyda, çesm-i bülbül, deli bülbül, dere bülbülü, dut yemiş bülbüle dönmek, kenef bülbülü, sazına bülbül konmak, şeyda bülbül секілді тіркестер қалыптасқан [5]. Түрік тіліндегі орнитонимдерге қатысты тілдік бірліктердің барлығы да құстардың жеке қасиеттеріне негізделгенін төмендегі кестеден байқауымызға болады (Кесте 2).

№	Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
1	Bahar gelmeyince bülbül ötmez.	Көктем келмейінше, бұлбұл да сайрамас.
2	Bülbülle konuşan güllüğe, kargayla konuşan küllüğe.	Бұлбұл гүлмен тілдесер, қарға күлмен тілдесер.
3	Bülbülün gözü gülde, tavuğun gözü külde.	Бұлбұлдың көзі гүлде, тауықтың көзі күлде.
4	Bülbül kafesi ile kimse doymaz.	Бұлбұл жегеннің қарны тоймас.
5	Misafırı horoz olanın anbarında buğday kalmaz.	Қонағы қораз болғанның қорасында бидай қалмас.
6	Horozun uçacağı yer küllüğe kadardır.	Қораздың ұшқаны жерге дейін.
7	Bir çöplükte iki horoz ötmez.	Екі қораз бір бұтақта шақырмас.
8	Arkası yara olan hayvan karganın nereden geldiğini bilir.	Арқасы жараланған жануар қарғаның қайдан келетінін біледі.
9	Karga karganın gözünü oymaz.	Қарға қарғаның көзін шұқымас.
10	Karga yavrusuna bakmış, ah benim ak-pak evladım demiş.	Қарға баласын аппағым дер.

BENGI



Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2
World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2



ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı

11	Kazla yarışan tavuğun arkası yırtılar.	Қазбен жарысқан тауықтың арты жырттылар.
12	Et olsun da leylek eti olsun.	Ет болса да, дегелектің еті болсын.
13	Şaşkın ördek kıçından dalar.	Сасқан үйрек артымен жүзер.
14	Herkesin serçesi kendine bülbüldür.	Әркімнің торғайы өзіне, бұлбұлдай көрінер көзіне.
15	Kedinin kanadı olsaydı serçenin adı kalmazdı.	Мысықтың қанаты болса, торғай құстың аты да қалмас.
16	Kırk serçedenbirkaziyi.	Қырық торғайдан бір қаз артық.
17	Serçeilekonuşanınsesisemadangelir.	Торғаймен тілдескеннің даусы көктен шығар.
18	Şahin küçük ama payını ele vermez.	Сұңқар кіші болса да, сыбағасын бермес.
19	Tavuk var kazdan güzel, gelin var kızdan güzel.	Тауық бар қаздан сұлу, келін бар қыздан сұлу.
20	Tavuğun sadakası bir yumurta.	Тауықтың садақасы бір жұмыртқа.

Түрік тіліндегі *kene gibi yarışkan* (кенедей жабысу), *ılan gibi soğuk* (жыландай суық), *arı gibi çalışkan* (арадай еңбекқор), *tilki gibi kurnaz* (түлкідей қу), *kedi gibi nankör* (мысық секілді рақметі жоқ), *eşek gibi inatçı* (есектей табандылық таныту), *deve gibi kinci* (түйедей кекшіл), *köpek gibi sadık* (иттей адал болу) тақылеттес қалыптасқан тұрақты теңеулердің қатарын орнитонимдерден өрбіген теңеулер мен метафоралар да толықтырып отыр [5]. (Кесте 3).

BENGI



Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2
World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2



ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı

№	Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
1	Kuğu boyunca	Аққу мойын
2	Kuğu gibi	Аққудай
3	Tavuk gibi gidaklamak	Тауықтай қыт-қыттау
4	Horoz gibi ötmek	Қораздай шақыру
5	Karga gibi burnu bokta olmak	Қарғадай тұмсығы аспандау
6	Ördek gibi paytak paytak yürümek	Үйректей жүзу
7	Şahin gibi bakmak	Сұңқардай қарау
8	Bülbül gibi söylemek	Бұлбұлдай сайрау
9	Atmaca gibi atılmak	Қаршығадай бойлау
10	Kartal gibi süzülme	Бүркіттей сүзілу
11	Kaz gibi tısılamak	Қаздай қорғау

Қазақ тіліндегі орнитонимдер атаулар жүйесіне біршама үлес қосып, ономастиканың бір тармағы – антропонимияның дамуында маңызды орын алса, түрік тілінде де дәл осы қызметті атқару қабілетіне ие. Қасқыр мен құс теңдей өмір сүрген әлем ұрпағының бүгінгі буыны қарға мен торғайдан артық құс танымауы да әбден мүмкін. Қазақтың ұлдарына *Лашын, Сұңқар, Бүркітбай, Қоразбек*, қыздарына *Ақсұңқар, Үкілімай, Аққу, Ақтоты, Бұлбұл, Қарлығаш, Сандуғаш* сынды құс аттарымен есім бергенін ескерсек, қазақтармен қатар, түріктер де бағзы замандардан-ақ құспен үндес халық екенін айтқымыз келеді: *Akdoğan, Akkuş, Aksuna, Aksungur, Alakuş, Alpkartal, Arkuş, Aysungur, Balaban, Bülbül, Çalkuşu, Doğan, Doğanalp, Doğanbaşı, Doğanbey, Dudu, Gülsuna, Hüma, İshak, Karabatak, Karadoğan, Karakuş, Keklik, Kumru, Kuşhan,*

BENGI



Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2
World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2



ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı

Martı, Özdoğan, Özşahin, Saka, Sariasma, Suna, Sungur, Sunguralp, Sungurbay, Sungurbey, Sungurtekin, Şendoğan, Toygar, Turna, Üveyik [6]. Тертеп: Atmaca, Baykuş, Bozkuş, Cücük, Çaylak, Demirkuş, Doğanacı, Doğançıl, Doğançılar, Ferik, Gökkuş, Güvercin, Horoz, Horozlu, Horozoğlu, Horozpınar, Kartal, Kırlangıç, Kocakuş, Kumru, Kumrulu, Kumrulukuş, Kumruoğlu, Kuş, Kuşbaz, Kuşçu, Kuşcular, Kuşçulu, Kuşçulu, Kuşçuluoğlu, Kuşdoğan, Ördekçioğlu, Ördekoğlu, Özkartal, Özkuş, Özsungur, Sarıkuş, Serçe, Sungurgil, Sungurlar, Sungurlucan, Sunguroğlu, Şahin, Şahinalp, Şahinbaş, Şahinbaşoğlu, Şahinbozkır, Şahindaş, Şahiner, Şahingil, Şahingiray, Şahingöz, Şahingür, Şahinkanat, Şahinkaya, Şahinler, Şahinli, Şahinoğlu, Şahinoğulları, Şahinöz, Şahintaş, Şahintürk, Şahinuçtu, Şahinyılmaz, Şahinzade, Tavukçu, Tavukçuoğlu, Turnagil, Turnagöz [7].

Түрік мәдениетіндегі құстардың маңызы мен алатын орнын топонимикалық атаулармен де көрсетуге айғақ бар. Түріктер Анадолыға қоныс аударғанда Азияда қолданылған жер атауларын жаңадан орналасқан аймақтарына да бергенін айта келе, орнитонимдермен байланысқан топонимикалық бірліктер түрік тілінде, түрік әдебиетінде бұрыннан қолданылып келе жатқан атаулар екенін тілге тиек еткен абзал. Олар: Bildircin, Bülbüldere, Bülbülköy, Bülbüllü, Doğançılar, Kargalık, Kartalköy, Keklikayası, Kuşuköy, Kuşçuköy, Kuşdağı, Kuzgunlu, Leylekköy, Şahintepe, Toygarlı сияқты және бұдан бөлек 170 жер, ауыл атаулары бар [8].

Қорыта айтқанда, Түркия мемлекеті құрылған соң, алғашында осман тілі, кейіннен түрік тілі деп аталған ұлт тілінің өзіне тән өзгешелігі мен қазақ тілімен ұқсас тұстары да бар екен. Оны жоғарыда берілген тілдік бірліктерден аңғару қиын емес. Түрік халқының дүниетанымында жануарлармен қатар, құстардың да айырықша мәнге ие екендігі дәлелденді десек те болады. Қызына Suna, Akkuş, Çalıkuşu, Kumru деп, ұлына Özdoğan, Özşahin, Alpkartal деп ат қойып, маңғаз аққудың кербездігі мен әсемдігіне балап, бұлбұлдай сайратқан түрік халқының өресі кең, танымы мен талғамы жоғары екендігіне көзіміз жетіп отыр.

Темірді балқытпай-ақ қамырдай илеп, түйін түйген, даусына ерекше биязылық дарыған Дәуіт пайғамбардың 12 жасында таққа отырған Сүлеймен атты ұлының құс



тілін білетіндігі барша жұртқа мәлім. Алла Тағала патшалық пен пайғамбарлықты қатар ұстаған Сүлеймен пайғамбардың тілінде: «Ей, адамдар! Бізге құс тілі үйретілді. Сондай-ақ бізге әр нәрсе берілді. Рас, бұл – әлбетте анық бір артықшылық», – деген (Нәміл сүресі, 16 аят). Сонымен қатар, Қазақ ең қыран құстың бір түрінің мифтік атауын «бидайық», ал ең әйдік саятшыны «мініскер құсбегі» десе (қазақ, қырғыз, татарлар ең дәулескер құсбегіні «мініскер» деп атаған), құсбегі пірін «Жалайыр Шора» деп атаған. Қазақ пен қырғыздың «құс төресі – бидайық, ит төресі – құмайық» дейтін аталы сөзі текке айтыламаса керек. Халықтың ұғымында Жалайыр Шора алғаш рет қыран құсты қолға үйретумен бірге бүркіттің жабдықтары – томаға, аяқбау, биялайды ойлап табушы ретінде де сақталған. Жалайыр Шора мен Сүлеймен пайғамбар сынды құспен тілдесе білген, онымен үндес болған тарихи тұлғалардың бойындағы құсжандылық қасиеті бүгінгі ұрпағына берілмесіне кім кепіл?...

Кезінде алаш ардақтыларының тілге берген «Тіл – айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады» (Ғ.Қараш), «Тіл – жұрттың жаны» (Х.Досмұхаметұлы), «Тіл – халықтың перзенті, ол адамзаттың тарихымен тығыз байланысты» (М.Шоқай), «Тіл – адам жанының тілмашы» (М.Жұмабаев), «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі» (М.Әуезов), т.т. сипаттамалары еуропалық лингвистер берген анықтамалардан бағасы да, маңызы да кем емес, тіл табиғатын терең түсінуден туған пайымдаулар.

Тіл неге айна болады? Біз айнаға қарағанда өзіміздің тұтас бейнемізді қалай көретін болсақ, тіл де сол секілді: тіліміздегі атаулар мен қолданыстардың барлығы халықтың тұрмысы мен тарихының негізгі ақпараттарын жинап, сақтап қана қоймайды, бүгінгі және келер ұрпаққа жеткізеді. Кумулятивтік қызмет деп аталатын тілдің бұл қызметі қай халықтың болмасын жан дүниесі мен тарихынан, рухани және заттық мәдениетінен ақпар беретін қазыналы қойма іспеттес. Халқымыздың этностық, ұлттық мұрасы, рухы, тарихы, мәдениеті, негізінен тілде көрініс табатындықтан, жоғарыдағы ұлт ардақтылары тілді ұлттың жаны, жан дүниесі, халық перзенті, адам жанының тілмашы деп бағалаған. Өйткені тілде халықтың рухани қасиеттерін білдіретін дүниетанымдық түсініктері белгіленіп сақталады [9, 5]. Олай болса,



жоғарыда аталған орнитонимдер түркі халықтарының қоршаған ортаның, табиғаттың еркін перзенттері – құстарды танудағы ең ерте және мол танымдық ақпаратының болғандығын айғақтайды. Бұл түсінік көшпелілерді тек төрт түлік малмен байланысты қарайтын стереотипке қарсы жаңа пайымдаулар жасауға түрткі болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) 3-том. Табиғат. «Сардар» баспа үйі, 2013.- 480 б.
2. <https://onedio.com/haber/turk-mitolojisinde-onemli-bir-yere-sahip-olan-ve-farkli-erdemleri-simgeleyen-9-hayvan-457578>
3. Nimetullah Hafız. Kosova Türk Halk Edebiyatı Metinleri. s. 84. Priştine, 1985.
4. Ömer Asım Aksoy. Atasözleri Sözlüğü. – Ankara, 1984.
5. Sami Akalın. Türk folklorunda kuşlar. – Ankara: Ersa Matbaası, 1993.
6. Selma Tuncay – Adviye Aysan. Türk Adları Kılavuzu. – Ankara, 1981.
7. İstanbul Telefon Rehberi, 1977.
8. TC. Başbakanlık İstatistik Genel Müdürlüğü: 1983 Seçimleri - Meskün Yerler. – Ankara, 1984.
9. Ермекова Т., Юсуп А., Абдуманапова Ж. Қызға қатысты тілдік бірліктердің этномәдени сипаты. –Алматы: «Мерей» баспасы, 2015.

BENĞİ



Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2
World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2



ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı

